

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

21 тамыз 2023 жыл

№7

Атырау қаласы

Облыс білім саласының өткен жылғы қорытындылары және оны жақсарту бағытындағы шаралар, жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы туралы

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі отырысында «Облыс білім саласының өткен жылғы қорытындылары және оны жақсарту бағытындағы шаралар, жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы туралы» облыстық Білім беру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Е.Сламбековтың баяндамасын тыңдап, талқылап облыстық қоғамдық кеңесі отырысы **ҚАРАП ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық Білім беру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Е.Сламбековтың баяндамасы қаперге алынсын.
2. Атырау облыстық Білім беру басқармасына (Е.Сламбеков)
 - 1) Атырау облысындағы білім беру саласының сапасын жетілдіру және білікті кадрлармен қамту бойынша нақты шараларды алу;
 - 2) Мектептерде мұғалімдердің жетіспеушілігі мәселесін келесі оқу жылына дейін шешу үшін облыс әкімдігімен нақты іс-шараларды жасақтап, мәселенің шешу жолдарын қарастыру;
 - 3) Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық пен қаржылық-материалдық, тәртіптік заңсыздықтардың алдын алу бағытында тиісті шараларды қабылдау және жүйені цифрландыру;
 - 4) Әлеуметтік желілерде облыстың білім саласына қатысты сыни пікірлер мен көтерілген мәселелерге тұрақты мониторинг жүргізу және оның қаралу нәтижесі бойынша әлеуметтік желілерде, БАҚ-да жариялау және ашық брифинг өткізу арқылы тұрғындарға саладағы оң өзгерістер туралы хабарлау;
 - 5) Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жалпы білім беру ұйымдарын турникеттермен және бейне бақылау камераларымен толық қамтамасыз ету, қалалық полиция басқармасына қарасты жедел басқару орталығына қосу жұмыстарын жалғастыру;
 - 6) Атырау облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментімен бірлесіп, жалпы білім беру ұйымдары объектілерін Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығына сәйкес, білім беру объектілеріне қойылатын талаптарға сәйкестендіру;

7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Превенция басқармасымен бірігіп, мектептерде заңсыз ақша жинау фактілерінің болдырмау және алдын алу жөнінде тиісті шараларды қабылдау;

8) Қала және аудандарда білім беру бөлімдерін жергілікті әкімдіктерге бағыныштылығын қайта қарастыру жөнінде оқу – ағарту министрлігіне тиісті ұсынысты жолдауды қарастыру;

9) №14, №15, 23, 28, Т.Амандосов, Ф.Оңғарсынова атындағы салынған мектептерінің ас блогының құрылыстарының бітпеуіне байланысты, тиісті шараларды алу;

10) Қала аумағында орналасқан 45 мектептің химия және физика кабинеттері зертханалық жұмыстар жүргізу үшін жағдай жасалмауына байланысты, тиісті шараларды алу;

11) №24 және Мақаш Бекмұхамбетов атындағы орта мектептердің спорт алаңдары жекеге өтуіне байланысты, кері қайтару мәселесін қарастыру;

12) Қала, аудан көлемінде орналасқан мектептердің аулаларын абаттандыру;

13) Бюджет қаражаты есебінен салынған мектепшілік ойын алаңдарын сақтап қалу үшін кешкі 21.00-ден кейін жабу мәселесін қарастыру;

14) Мектептерді жаңа оқу жылына дайындау және жазғы каникул кезінде жасалатын ағымдағы жөндеулердің уақытылы бітуін және сапалы болуын тиісті жауапты басқармалармен қадағалау жұмыстарын жүргізу;

15) Береке ықшам ауданында орналасқан мектептің 4 сыныптан кейін жабылып қалған орыс сыныптарының оқушыларын басқа мектептерге ауыстыру және олардың көлікпен тасымалдау мәселесін қарастыру;

16) Жалпы білім беру ұйымдарының және кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының спорттық алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оқу орындары әкімшілігінің үнемі бақылауда ұстауын қадағалау;

17) Мектеп директорлары құрылыс маманы болмауы себепті құрылыс жұмыстарын толықтай түсініп, бақылау жасай алмайтындықтан, облыстық білім беру басқармасы жанынан білім мекемелерінің құрылысына жауапты бөлімді ашу мәселесін қарастыру;

18) Тозығы жеткен ескі мектептердің техникалық жағдайларын анықтап, мониторинг жасап, жергілікті атқарушы органдарға ұсынымдар беру;

19) Барлық жалпы беру ұйымдарының интернет жүйелеріне талдау жасап, жақсарту бағытында тиісті жұмыстарды жүргізу;

20) Қала әкімдігімен бірлесіп, мектеп жанындағы көлік жолдарына арнайы жаяу жүргіншілерге арналған жолақ пен балалар бейнеленген жол белгілерін орнату мәселесін қарастыру;

21) Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты 2024 жылдың 1 қаңтарына дейін кеңес хатшылығына ұсынуды және атқарылған жұмыстар бойынша кеңес отырысында баяндау ұсынылсын.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов